

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 156-158.

**ӘОЖ 81-11.1(045)**

## **ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ**

*Мерген А., I курс студенті*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,  
Астана қ.*

Поэзияға келу мен оның әлеуметтік-рухани орбитасының көркемдік әлемінен ойып орын алудың арасы жер мен көктей. Мұның бірінші қаламгердің еншісі болғанмен, ал екіншісі сирек те шынайы таланттардың заңды ырыс-несібесі, ақындық тағдыры сыйлайтын бәсіре-бағы, тиесілі сыбағасы.

Өз заманында Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алған, көрнекті Фариза Оңғарсынованың 1987 ж. «Жазушы» баспасынан шыққан таңдамалы екі томдық ең әуелі, дара көркемдік әлемінің бір құйма тұтастығымен ерекше көзге түссе, екіншіден тоғыз жылдық творчестволық еңбектің нәтижесін жинақтап көрсететін кезеңдік сүбелілігімен де мейлінше қызықтырады. Қос томдықтағы жүгінетіні тек шындық пен әлеуметтік әділеттілік, адамгершілік, тектілік болып келетін және көбінесе бақыты мұңға нұрландырып, ал мұңы ұдайы сол бақытын өміршең оптимизімімен жігерлендіріп, философиялық-әлеуметтік мазмұнын байыта түсетін өршіл де қайсар, нәзік те бұла, сыршыл да тәкаппар, күйшіл де ойлы, алмастай қиғыр лирикалық өлеңдерді, циклдарды, поэмаларды оқып отырып, Фариза ақынның поэзиялық орбитасына көркемдік әлеміне мейлінше ден қойғаныңды, өте-мөте сүйсінгеніңді бүгіп қалуың еш мүмкін емес. Ендігі сөз осы жайында.

Фариза Оңғарсынова өз шығармаларында қазақ халқының жан дүниесін, оның рухани мұраларын жырлайды. Оның әрбір өлеңі халықтың тарихын, салт-дәстүрлерін, мәдениетін айшықтап, терең философиялық ойлармен көмкеріледі.

Ақынның циклдары өзінше бір арна. Мұнда тақырыптық өлеңдердің тізбегі емес, белгілі бір көркемдік нысанға бағындырылған, соған лайық топтастырылған туындылардың біртұтастылыққа, темірқазық мақсатқа қызмет ететін өзіндік ықпалы мен алар орны сөз жоқ ұдайы байқалып қалады. Бұл арада: «Қыз тағдыры», «Бір мерген бар», «Әйел», «Менің планетам», «Тумаған ойлар туралы жыр», «Достар айдын, ел-кемем», «Үйім-менің Отаным», «Революция және мен», «Мақатаев туралы жыр», «Айтыс», «Маңғыстау монологтары», «Ақан сері», «Поэзия» атты циклдарды көлденең тартуға болады.

Мысалы, «Мақатаев туралы жыр» циклынан;

Бір өзі мұхит-сынды жағасы арман,  
Ағысы жағасына жара салған;  
Толқыны тасқындаса, тау қопарып,  
Жабықса жусанында аласарған  
*Немесе*  
Тым сирек күрсінеді бұлай халық  
Самсағын ажалымен сынайды алып.  
Күңіренді қазақ жері, кеудесінен  
Оқ тиген аң бөкендей шыр айналып.  
Болмаса  
Жүрегі жолбарыстай, жаны арайлы,  
От-жалын жанарымен жанап Айды  
Ол енді сұңқар жырдың қанатында,

Көктеңбіл Планетаны аралайды, - деген үш үзінді үш өлеңнен алынып отыр [1]. Бір циклда ақын Мұқағали Мақатаевтың творчествосы, оның әдебиеттегі алар орны, ұлы тұлғасы философиялық – көркем образдылықпен суреттелгеніне көз жеткізу қиын емес.

Оның лирикалық қаһармандары – өз халқының жанын түсінетін, мұңын бөлісетін, рухын көтеретін адамдар. Мысалы, оның «Мен саған ғашық емес ем» өлеңдер жинағында махаббат сезімі мен адамның ішкі қайшылықтары терең сезіммен өрнектелген. Оңғарсынованың поэзиясында махаббат - тек сезім ғана емес, адамның өз-өзімен күресі, қоғаммен байланысы, адамдық құндылықтардың көрсеткіші.

Фариза Оңғарсынова туындыларындағы лирикалық кейіпкердің, тарихи тұлғалардың бойындағы кернеулі жоғары ішкі драматизм мен шынайы трагедияға немесе өзара шарпысқан тұста өз принциптерінен айнымайтын әрі от пен мұз тәрізді қарама-қарсы полюстерде тұрып қалатын контрасты сипаттардың диалектикалық заңдылығы мен болмысына ден қоямыз. Ақындық дара стильдің осындай күдіретіне әбден сүйсінеміз.

Ақынның поэзиялық өрнегі және жеке мінез-құлқы өзіне ұқсас, жақын болған Махамбет Өтемісұлы образын жасауға ерекше қызығуы - өте заңды сияқты. Бұл жолда ол өз ойларын бірден-ақ Махамбет жайлы қысқа поэмадан бастап, оны «Алмас қылыш немесе мен Махамбет ақынмен қалай кездестім» деп атап, мұнда лирикалық монолог түріндегі баяндау үлгісі баяндалған. Ақын өзінің Махамбетпен үш кездесуін лирикалық монологтар арқылы композициялайды.

Фариза Махамбет тілімен:

Мына мен бабаң

Қара басымның рахаты үшін күресіп өткен деп едің.

Сұлуларды өртеп өрт дедім

Қаныпезер ханда жүзімді көріп

Қорқыныштан естен танғанда,

Сиқыр ханшалар сайқалдықпен арбап

Найза көздерін салғанда,

Басымның қамын жеп пе едім?

Елімнің азат өмірін ойлап дертті едім [2].

Осы қатарлардағы пікірдің екпіні, оның құрылысы, дыбыстық үндестігімен бастап, лексикасы мен синтаксистік жүйесі, барлығы Махамбет ерлігімен қоса, Фаризаның келешектегі өрнегін меңзеп тұрғандай емес пе?

Ақынның Махамбет қияли емес немесе түс түріндегі үшінші кездесуінің монологтары да жалпы өмірлік, адамилық маңызға ие болды.

Өмірдің күтіп ақ таңын,

Шабыт пен жырды баптадым.

Шындықты айтқаным үшін мен

Ақсүйек топқа жақпадым.

Қуылдым, дала шарладым,

Сая бола алмай қырларым [2].

Осы бағытта Фариза ақынның салыстырулары, теңеулері поэтикалық әдіс-құралдары нақ, әрі өткір алмас қылыштай жарқырап тұрады:

Байрон емес

Махамбет,

Ол өмірге

Уитмен боп тіпті де оралмайды:

Қылыш байлап, дулыға кигізгенмен

Пастернак та Махамбет бола алмайды [2].

Ф.Оңғарсынова поэзиясында тағы бір маңызды тақырып - табиғат. Оның табиғат туралы өлеңдері адам мен табиғаттың ажырамас байланысын бейнелейді. Мысалы, "Сәуірдің жаңбыры" атты өлеңінде көктемнің келуі, табиғаттың жанданып, тірілуі адамның өмір сүру құштарлығымен ұштасады. Ф.Оңғарсынова үшін табиғат - тек сұлулықтың символы ғана емес, адамның ішкі жан-дүниесінің бір бөлігі. Табиғаттың өзгеруімен адам сезімдерінің де өзгеруі бір-бірімен тығыз байланысты.

Зейнолла Серікқалиұлының зерттеу еңбегінде Фаризаның поэзиясына терең талдау жасалған. Серікқалиұлы Оңғарсынованың шығармаларын қоғам мен адамның рухани өмірінің айнасы деп бағалайды. Әсіресе, оның әйел затына қатысты өлеңдерінде қазақ әйелінің нәзіктігі мен қайсарлығы ерекше бейнеленген. Бұл зерттеуде Оңғарсынованың өлеңдеріндегі ұлттық бояу, халықтың дәстүрлердің орны мен рөлі кеңінен қарастырылады. Фаризаның шығармалары тек поэзия емес, ол қазақ халқының рухани құндылықтарын жандандыратын көркемдік әлем [3].

Ф. Оңғарсынова – тілді барынша шеберлікпен қолданатын аса талғампаз ақын. Өлең тілінің бейнелі, көркем, кестелі болып келуі поэзиядағы ой-сезімнің әсерлігін арттырады. Яғни, бейнелеп сөзден сурет салуға бейімділік – өлең тіліне қажет ең негізгі қасиет. Ақын өлеңдеріндегі сөз тіркестері әсерлі мән-мазмұнға ие болып, маңызды қызмет атқарады.

Сондай-ақ Фариза Оңғарсынованың көркемдік әлемінде, ақындық миссиясы туралы "Ақын" өлеңінде жазып кетті:

Ақынның нәзік жүрегі

самалдан тоңар гүл еді.

Халқының махаббатымен  
ақсұңқар құстай түледі,  
ел ғана-туғыр, тірегі.  
Әділет үшін жан салып,  
алдында тұрсын қанша алып-  
шындыққа жетпей тынбайды,  
қияметтерге қарсы ағып,  
баурайды сонда бал шабыт [4].

-деп мәлімдеді.

Фариза Оңғарсынова шығармашылығында оны басқа ақындардан айрықша етіп тұратын, өз жаратылысына тән ерекшеліктер бар. Фариза ақын әрбір адам баласының жан жүрегін елжірететін, толғандыратын шынайы туындыларды поэзия өміріне алып келген ерекше тұлға және «Поэзия патшайымы» атағына лайық жан [4].

Қорытындылай келгенде, Фариза Оңғарсынова қазақ поэзиясында өз орнын айқындап, терең философиялық ойларымен, лирикалық кейіпкерлерінің жан дүниесі арқылы оқырманның жүрегіне жол таба білді. Оның шығармалары қазақ халқының рухани өмірінің көрінісі, ал ол жырлаған махаббат, табиғат және ұлт тақырыптары ешқашан ескірмейді. Оңғарсынованың поэзиясы мәңгілік құндылықтардың жаршысы болып қала береді.

*Ғылыми жетекшісі Кукенова Г.А,  
филология ғылымдарының кандидаты*

### **Әдебиеттер тізімі**

- 1 Оңғарсынова, Ф. «Өлеңдер жинағы» 1, 7-8.
- 2 Оңғарсынова, Ф. *Мақалалар, ой жазбалар, эсселер*. I кітап, "Мен құштар әлем", "Соқпақтар", <https://kitap.kz/book/guma-m-o-j-e-1>
- 3 Серікқалиұлы, З. (2012). *Таңдамалы шығармалары*. Алматы: Раритет.
- 4 Жұмабек, С. (2009). *Поэзия патшайымы*. Таңдамалы шығармалары. Алматы: Ан Арыс. 2, 143-150.